

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы
Қоғамдық кеңес отырысының
№21 ХАТТАМАСЫ**

2 желтоқсан 2022 жыл
Өткізу форматы: аралас
**«БЖЗҚ» АҚ ОА күндіз/
онлайн (Cisco Webex Meetings)**

Алматы қаласы

ҚАТЫСҚАНДАР:

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңес (бұдан әрі – Кеңес, ҚК) мүшелері

- 1) Бурабаев Ерлан, ҚК төрағасы;
- 2) Ледовских Ирина, ҚК төрағасының орынбасары;
- 3) Алёхова Александра;
- 4) Алтынбекова Гүлсара;
- 5) Батищева Татьяна;
- 6) Жолдасбеков Азамат;
- 7) Донских Алевтина;
- 8) Мамажанов Әділ;
- 9) Своик Пётр;
- 10) Сейпильник Евгений;
- 11) Тәжібекова Жұмагүл.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - БЖЗҚ) өкілдері (дауыс беру құқығынсыз):

- 1) Құрманов Ж.Б., «БЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрағасы;
- 2) Егеубаева С.А., «БЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;
- 3) Фазылова К.Н., «БЖЗҚ» АҚ стратегиялық даму департаментінің директоры;
- 4) Ткишев К.А., «БЖЗҚ» АҚ тәуекел менеджменті департаменті директорының м.а.;
- 5) Бақтыбаев Н.А., «БЖЗҚ» АҚ Заң департаментінің директоры;
- 6) Акмаева М.А., «БЖЗҚ» АҚ Жұртшылықпен байланыс департаменті директорының орынбасары.

Отырысқа Кеңестің 11 мүшесі қатысты. Кворум бар.

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1) «БЖЗҚ» АҚ-ның 2022 жылғы 9 айдағы қызметі туралы есебі.
- 2) Қоғамдық кеңестің БЖЗҚ мен ҚРҰБ-қа жіберген ұсыныстары бойынша жүргізілген жұмыс туралы ақпарат.
- 3) Акциялары зейнетақы активтері портфеліне орналастырылған эмитент акционерлерінің жалпы жиналыстарына БЖЗҚ-ның қатысуы туралы ақпарат.
- 4) Әр түрлі. Ағымдағы мәселелер, соның ішінде Кеңестің жаңа мүшелерін сайлау.

ҚАРАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша «БЖЗҚ» АҚ Стратегиялық даму департаментінің директоры Камиля Фазылова сөз сөйледі. Ол зейнетақы активтерінің көлемі, зейнетақы шоттарының саны, БЖЗҚ қызметінің басқа да көрсеткіштері, сондай-ақ олардың 2022 жылғы 1 қазандағы өсімі туралы ақпарат берді

Баяндамашы 9 ай ішінде салымшылардың шоттарына бөлінген инвестициялық табыс шамамен 716,8 млрд теңгені құрағанын атап өтті. Геосаяси жағдайдың қаржы нарықтарына, инфляцияның өсуіне және соның салдарынан зейнетақы активтерінің кірістілігіне әсері талқыланды, кірістіліктің төмендеу үрдісі бүкіл әлемдегі зейнетақы қорларына тән екендігі атап өтілді. Сондай-ақ Кеңес мүшелеріне БЖЗҚ-ның операциялық қызметі туралы ақпарат берілді. Толық ақпарат enpf.kz сайтындағы "Қор туралы"- "Қоғамдық кеңес"- "Хаттамалар, [тұсаукесерлер](#)" - 21 отырыс бөлімінде жарияланған.

Естіген ақпаратты талқылай отырып, Кеңес мүшелері түрлі пікір білдірді. Атап айтқанда, Азамат Жолдасбеков салымшылардың жеке жинақтарына ғана емес, жалпы зейнетақы жинақтарының кірістілігіне де әсер ететін жүйеден айтарлықтай сомадағы шешіп алу фактісіне алаңдаушылық білдірді. Қаражаттың едәуір мөлшерінің жүйеден шығарылуы зейнетақы активтерінің портфелін тұрақтандыруы мүмкін жаңа кіріс құралдарын сатып алуға мүмкіндік бермейді. Сонымен бірге зейнетақы жүйесінен қаржы шығарып алу инфляцияның өсуіне әсер етеді.

Алевтина Донских қазіргі зейнеткерлер үшін зейнетақы жинақтарын инфляциядан қорғау тетіктері ойластырылуы керек екенін айтты.

БЖЗҚ ның 2022 жылғы 9 айдағы қызметі туралы ақпаратты назарға алу және қоғамдық кеңестің жинақтаушы зейнетақы жүйесін одан әрі дамытуға қатысты алаңдаушылығын хаттамада жеке атап өту туралы ұсыныс келіп түсті:

- Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін алу динамикасын талқылай отырып, зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегін төмендету бойынша келіп түскен ұсыныстарға қатысты алаңдаушылық білдірілді. Кеңес мүшелері жинақтарды жаппай алып қою жалғасқан жағдайда шиеленісуі мүмкін жүйелік тәуекелдерге назар аударды. Кеңес әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді ескере отырып, ең төменгі жеткіліктілік шектерін одан әрі қайта қарау және зейнетақы аннуитетінің құнын ТЖШ мөлшері ретінде қарастыру қажет деп санайды.

- БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңес Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банк тарапынан сенімгерлік басқарушы ретінде инвестициялық портфельді басқаруды жақсарту, инвестициялық портфельдегі мемлекеттік бағалы қағаздардың кірістілігін арттыру, неғұрлым табысты құралдардың перспективалық тізбесін айқындау жөніндегі жүйелі шараларды әзірлеуді қажет деп санайды.

- Алушылардың (қалыптасқан зейнеткерлердің) зейнетақы жинақтарын инфляциядан қорғау жөнінде ұсыныстар әзірлеуге бастамашылық жасау.

- Салымшыларды зейнетақы активтерін басқаруға тарту мақсатында Кеңес зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға беру мүмкіндігін ең төменгі жеткіліктілік шектеріне байланыстырмай қарастыруды ұсынады.

- Бұдан басқа, Кеңес жұмыс берушілердің жинақтаушы зейнетақы жүйесіне неғұрлым белсенді араласуын ынталандыруды одан әрі дамыту қажет деп санайды.

Дауыс бергендер:

"қолдаймын" – 11

"қарсымын" – 0

"қалыс қалдым" – 0.

Шешім қабылданды.

Күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша да Қ.Фазылова баяндама жасады. Ол БЖЗҚ-ның жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту жөніндегі Қоғамдық кеңестің ұсыныстарын орындағаны туралы есеп берді.

Бір кездері ҚК жұмыс тобы Зейнетақы активтерін инвестициялау, БЖЗҚ-ны корпоративтік басқару, оның қызметін қаржыландыру, зейнетақы активтерін жеке компанияларды басқаруға беру және басқа да аспектілер бойынша шешімдер қабылдау жүйесіне қатысты бірқатар ұсыныстар ұсынды. Баяндамашы ҚК-тің көптеген ұсыныстары орындалғанын, көбісі іске асыру сатысында екенін атап өтті. Қоғамдық кеңестің

ұсынымдары мен ұсыныстары БЖЗҚ салымшыларының (алушыларының) зейнетақы активтерін басқару, заңнамалық бастамаларды әзірлеу жөніндегі мемлекеттік органдармен және қарсы әріптестермен одан әрі жұмыс істеу кезінде назарға алынып, ескерілетіні атап өтілді. [Толық ақпарат](http://enpf.kz) enpf.kz сайтында орналастырылған.

Алынған ақпаратты талқылай отырып, Кеңес мүшелері жүйелі тәуекелдерді жою үшін жинақтаушы зейнетақы жүйесін одан әрі дамыту, тәуекелдерді, оның ішінде дұрыс емес инвестициялық шешімдер қабылдаудағы тәуекелдерді болдырмау жөнінде шаралар құру жөнінде неғұрлым батыл қадамдар қажет деген пікір білдірді.

Атап айтқанда, IFC ұсынымдарын қоса алғанда, әлемдік стандарттарға сәйкес ЖЗЖ операторы ретінде БЖЗҚ корпоративтік басқаруын одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді. Әділ Мамажанов БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңесті стейкхолдерлердің (мүдделі тараптардың) құрамына енгізу, сондай-ақ тәуелсіз директорлар санын ұлғайта отырып, "БЖЗҚ" АҚ Директорлар кеңесінің құрамын кеңейту туралы ұсыныс білдірді.

БЖЗҚ ақпаратын назарға алу және Кеңестің ұсыныстары бойынша жұмысты жалғастыру, әлемдік стандарттарға сәйкес БЖЗҚ корпоративтік басқаруын одан әрі жетілдіру, сондай-ақ БЖЗҚ стейкхолдерлер картасына ҚК енгізу және тәуелсіз директорлар құрамын кеңейту туралы ұсыныс түсті.

Дауыс бергендер:

"қолдаймын" – 11

"қарсымын" – 0

"қалыс қалдым" – 0.

Шешім қабылданды.

Күн тәртібіндегі 3 мәселе бойынша «БЖЗҚ» АҚ Тәуекел - менеджмент департаменті директорының м.а. Қуандық Ткишев сөз сөйледі. Ол БЖЗҚ-ның акциялары зейнетақы активтері портфелінде орналасқан эмитент акционерлерінің жалпы жиналыстарында салымшылар мен алушылардың мүдделерін қалай білдіретіні туралы айтты.

Ткишев БЖЗҚ 12 қазақстандық компанияның жай акцияларының/депозитарлық қолхаттарының ұстаушысы болып табылатынын атап өтті. Бұл ретте БЖЗҚ үлесі эмитент портфелінің 0,004%-дан 7,25%-на дейін құрайды. Осылайша, БЖЗҚ миноритарлық акционер болып табылады және әрқашан барлық акционерлердің шешімдеріне әсер ете алмайды. Алайда, сөз сөйлеуші атап өткендей, акционерлер жиналыстарындағы БЖЗҚ ұстанымы әрқашан салымшылар мен алушылардың мүдделерін ескере отырып құрылады.

Нәтижесінде 2022 жылы БЖЗҚ дивидендтік сыйақы ретінде 14,6 млрд теңгеден астам қаржы алынып, жеке зейнетақы шоттарына бөлінді.

Күн тәртібіндегі [3-мәселе бойынша толық есепті](http://enpf.kz) enpf.kz сайтында орналастырылған.

Ақпаратты назарға алу туралы ұсыныс түсті. .

Дауыс бергендер:

"қолдаймын" – 11

"қарсымын" – 0

"қалыс қалдым" – 0.

Шешім қабылданды.

Күн тәртібіндегі 4 мәселе бойынша "БЖЗҚ" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Сәуле Егеубаева Кеңес туралы ережеге сәйкес Кеңеске кандидаттардың тізіміне Кеңес жұмысына қатысуға ниет білдіргені туралы бастама өтініш берген тұлғалар енгізілетінін атап өтті.

БЖЗҚ жанындағы ОЖ жұмысы қазіргі уақытта жаңа сараптамалық деңгейге шыққандықтан, Кеңес кәсіби сараптамалық пікірі бар жаңа мүшелерді тартуға мүдделі.

С. Егеубаева Қорға төмендегі кандидаттардан 3 өтініш және толтырылған сауалнама түскенін хабарлады:

Темірханов Мұрат Рахжанұлы, көптеген жылдар бойы қаржы ұйымдарында жұмыс істеген қаржы кеңесшісі;

Николай Дрозд, тәуелсіз журналист;

Шалқыбаев Елнұр Амангелдіұлы, журналист, PR-маман.

Кеңес мүшелері әр кандидатура бойынша жеке дауыс беруді ұсынды.

Дауыс беруге М.Т.Темірхановтың кандидатурасы шығарылды.

Дауыс берді:

"қолдаймын" - 11

"қарсымын" - 0

"қалыс қалдым" – 0.

Шешім қабылданды.

Дауыс беруге Николай Дроздтың кандидатурасы шығарылды.

Дауыс берді:

"қолдаймын" - 11

"қарсымын" - 0

"қалыс қалдым" – 0.

Шешім қабылданды.

Е.А. Шалқыбаевты ҚК төрағасы Бурабаев Кеңес отырыстарына шешім қабылдау кезінде дауыс беру құқығы берілмеген сарапшы ретінде шақыруды ұсынды.

Сұрақ дауыс беруге қойылды.

Дауыс берді:

"қолдаймын" - 11

"қарсымын" - 0

"қалыс қалдым" – 0.

Шешім қабылданды.

ШЕШТІ:

Отырыстың күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша:

- БЖЗҚ-ның 2022 жылғы 1 қазандағы қызметінің қорытындылары туралы ақпараты назарға алынсын;

- зейнетақы жинақтарын жаппай алу жалғасқан жағдайда шиеленісуі мүмкін жүйелік тәуекелдерді көрсету. Кеңес әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді ескере отырып, ең төменгі жеткіліктілік шектерін одан әрі қайта қарау және зейнетақы аннуитетінің құнын ТЖШ мөлшері ретінде қарастыру қажет деп санайды;

- БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңес Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банктің тарапынан сенімгерлік басқарушы ретінде инвестициялық портфельді басқаруды жақсарту, инвестициялық портфельдегі мемлекеттік бағалы қағаздардың кірістілігін арттыру, неғұрлым табысты құралдардың перспективалық тізбесін айқындау және жинақтаушы зейнетақы жүйесінің барлық қатысушыларының жинақтарын инфляциядан ағымдағы қорғау жөніндегі жүйелі шараларды әзірлеуді қажет деп есептейтінін белгілеу;

- алушылардың (қалыптасқан зейнеткерлердің) зейнетақы жинақтарын инфляциядан қорғау жөнінде ұсыныстар әзірлеуге бастамашылық жасау;

- салымшыларды зейнетақы активтерін басқаруға тарту мақсатында зейнетақы жинақтарын ИПБ-ға ең төменгі жеткіліктілік шектеріне байланыстырмай беру мүмкіндігін қарастыру;

- жұмыс берушілерді жинақтаушы зейнетақы жүйесіне неғұрлым белсенді енгізуді ынталандыруларды одан әрі дамытуды жалғастыру.

Отырыстың күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша:

- ҚК ұсыныстарының орындалуы туралы БЖЗҚ ақпараты назарға алынсын;
- БЖЗҚ-ға Кеңестің ұсыныстарымен жұмысты жалғастыру ұсынылсын;
- БЖЗҚ корпоративтік басқаруын әлемдік стандарттарға сәйкес одан әрі жетілдіру бойынша жұмыс жалғастырылсын;
- БЖЗҚ стейкхолдерлер картасына ҚК қосылсын;
- тәуелсіз директорлар құрамын кеңейту туралы ұсыныс жасау.

Отырыстың күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша:

- акциялары зейнетақы активтері портфелінде тұрған эмитент акционерлердің жалпы жиналыстарына БЖЗҚ-ның қатысуы туралы ақпаратты назарға алу.

Отырыстың күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша:

- БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңестің құрамына М.Т. Темірханов, Н. В. Дрозд қабылдансын;
- ҚК құрамына шақырылған отырыстарға қатысушы ретінде (дауыс беру құқығынсыз) Е. А. Шалқыбаев қабылдансын.

Отырыс төрағасы

Е. Бурабаев

Отырыс хатшысы

М. Акмаева